**БЕКІТЕМІН**
**«Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ басшысы**
**_________ Е.Қалмақов**
**2017 жылғы «  » қыркүйек**

**Республикалық Сағын Жалмышев атындағы домбырашылар конкурсының ЕРЕЖЕСІ**

2017 жылдың 1 мен 3 қараша айында Қостанай қаласында республикалық Сағын Жалмышев атындағы домбырашылар конкурсы өтеді.

## КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ:

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу, күйші Сағын Жалмышевтың дәулескер күйші екендігін таныту, өнерін үлгі ету;
- Республикамыздағы домбырашылардың кәсіби деңгейін шыңдау;
- Өнер әлемінде жас домбырашылардың есімін ашу, өнеріне қолдау көрсету.

## БАЙҚАУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ:

- Конкурс екі кезеңнен тұрады;
- Конкурс көрермен алдында өтеді;
- Үміткерлер әр кезеңдегі орындалар шығарманы жатқа орындайды;
- Сайыскердің өтінімдегі алдын-ала көрсеткен шығармалар тізімі артынан өзгертілмейді;
- Конкурсқа Қазақстан Республикасының 16 мен 30 жас аралығындағы азаматтар қатыса алады;
- Домбырашылар конкурсына әр өңірден екі домбырашыдан қатыса алады;
- Конкурсқа Халықаралық байқаулар мен Қазақстан өнер саласында атағы бар күйшілер М. Өскінбайұлы, Е. Айшуақұлы, Қ. Ахмедияров, Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Тәттімбет атындағы республикалық байқауларында Бас жүлде алған жеңімпаздар қатыса алмайды.

## БАЙҚАУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

- Орындау мәнері, шеберлігі
- Репертуарлардың ережеге сәйкестігі, аспапқа үндестігі
- Сахна мәдениеті
- Киім үлгісі

**I - кезең**

1. Құрманғазы «Қайран шешем» - /міндетті түрде/ күйші Динаның нұсқасы;
2. Халық күйі «Пиала», «Кеңес» (Қ. Жантілеуовтың нұсқасы), Құрманғазы «Бозқаңғыр», Махамбет «Өкініш» - /жеребе бойынша бір күй/;
3. Батыс, Сыр өңірінің бір күйі - /өз таңдауы бойынша/;
4. Дина «Сауыншы» - /міндетті түрде/ күйші Динаның нұсқасы;
5. Маңғыстау өңірінің бір күйі - /қалауы бойынша/.

**II - кезең**

1. Дина «Бұлбұл» - /міндетті түрде/ Дина шешейдің нұсқасы;
2. Мәмен «Қайғылы қара» /міндетті түрде/;
3. Шертпе күй: /Тәттімбет, Тоқа, Сүгір, Т.Момбеков – бір күй қалауы бойынша/;
4. Құрманғазы «Төремұрат», «Терісқақпай», «Серпер», «Байжұма» - /өз қалауы бойынша бір күй/;
5. Қазіргі заман композиторларының бір күйі - /М.Әубәкіров, Н.Тілендиев, Қ.Ахмедияров, А.Жайымов/.

/Ескерту: I кезеңде орындалған шығармалар II- кезеңде қайталанбайды./

- Конкурстың «Ережесіне» үміткерлердің орындалатын шығармалары байқау алдында қабылданғаннан кейін өзгертілмейді;
- Байқауға қатысушылар мекеме, оқу орындарының мөрімен бекітілген ұсыныстары мен орындалатын шығармаларының репертуарын ұйымдастырушы мекемеге 15- күн бұрын жібереді;
- Туу туралы немесе жеке куәлігі құжатының көшірмесі,
  Өмірбаяны, ұстазының аты – жөні;
- Музыкалық білімі туралы құжаттың көшірмесі, оқитын /оқушылар мен студенттер үшін/;
- Жұмыс істейтін орнынан анықтама, 13x18 көлеміндегі түрлі-түсті фотосурет.

Конкурсты кәсіби мамандардан арнайы бекітілген қазылар алқасы бағалайды.

## ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

1. БАС ЖҮЛДЕ – біреу, Лауреат атағы;
2. БІРІНШІ ОРЫН – біреу, Лауреат атағы;
3. ЕКІНШІ ОРЫН – екеу, Лауреат атағы;
4. ҮШІНШІ ОРЫН – үшеу, Лауреат атағы.

Әділқазылар алқасы конкурстың жеңімпаздарын марапаттау кезінде сыйлықтары /Бас жүлдеден басқасын/ бөліп беруге немесе арнайы сыйлықтар тағайындауға құқылы.

- Конкурс жеңімпаздары қорытынды Гала-концертке төлемақысыз қатысады;
- Іс-сапар шығынының жол қаражаты жіберуші жақтан, жататын орны мен тамақтандыру ұйымдастырушылар тарапынан;
- Конкурстың ережесіне сәйкес тиісті құжаттар 2017 жылғы 20 қазанға дейін қабылданады.

Конкурсқа қатысатын талапкерлердің құжаттары Облыстық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы орталығына тапсырылуы тиіс. Мекен-жайы: Қостанай қаласы, Әл- Фараби көшесі, 111- А, тел.:8(7142) 392 393; 392 390; Факс: 8(7142)392 395; e-mail:odk_yunost@mail.ru